

Жер учаскелері жеке меншікке берілген, мемлекет немесе мемлекеттік жер пайдаланушылар жалға берген кезде олардың кадастрлық (бағалау) құнын белгілеу үшін түзету коэффициенттері мен аймақ шекараларын бекіту туралы

Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 29 қаңтардағы N 185/30-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2009 жылғы 5 наурызда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 566 болып енгізілді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 10 , 11-баптарына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ** :

1. 1-қосымшаға сәйкес Астана қаласы аумақтарында жер учаскелері жеке меншікке берілген, мемлекет немесе мемлекеттік жер пайдаланушылар жалға берген кезде олардың кадастрлық (бағалау) құнын белгілеу үшін аймақ шекаралары бекітілсін.

2. 2-қосымшаға сәйкес жер учаскелері жеке меншікке берілген, мемлекет немесе мемлекеттік жер пайдаланушылар жалға берген кезде жер учаскесінің төлемақысын базалық құнына қолданылатын түзету коэффициенттері бекітілсін.

3. Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 9 ақпандағы N 344/43-III "Жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде, мемлекет немесе мемлекеттік жер пайдаланушылар жалға берген кезде жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау үшін түзету коэффициенттері мен шекара аймақтарын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2007 жылғы 21 ақпанда N 461 болып тіркелген, 2007 жылғы 24 ақпанда N 34-36 "Астана хабары", 2007 жылғы 24 ақпанда N 35-36 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Астана қаласы
мәслихатының сессия төрайымы

Астана қаласы
мәслихатының хатшысы

Н. Петухова

В. Редкокашин

Астана қаласы мәслихатының
2009 жылғы 29 қаңтардағы
№ 185/30-IV шешіміне
1-қосымша

Жер учаскелері жеке меншікке берілген, мемлекет немесе мемлекеттік жер пайдаланушылар жалға берген кезде олырдың кадастрлық (бағалау) құнын белгілеу үшін аймақтардың шекаралары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 27.02.2018 № 237/28-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р/с №	Бағалау аймағының №	Бағалау аймақтары шекараларының сипаттамасы
1	2	3
1.	1-1.	Аймақтың солтүстік-батыс шекарасы Қарашаш ана және Сарайшық көшелерінің қиылысынан басталады; одан әрі Сарайшық көшесі, Р. Қошқарбаев даңғылы бойынша шығысқа; Р. Қошқарбаев даңғылынан оңтүстік бағытқа қарай № 23-53 (жобалық атауы) көшесі бойынша А. Байтұрсынұлы көшесіне дейін; А. Байтұрсынұлы көшесі бойынша батысқа қарай № 23-13 (жобалық атауы) көшеге дейін; № 23-13 (жобалық атауы) көше бойынша оңтүстікке қарай Ш. Қалдаяқов көшесіне дейін; Ш. Қалдаяқов, Сығанақ көшелері бойынша батысқа қарай Е51 (жобалық атауы) көшесіне дейін; Е306 (жобалық атауы) көше бойынша солтүстікке қарай Сарайшық көшесіне дейін
2.	2-1.	Аймақтың солтүстік шекарасы Сарыарқа даңғылы мен С. Сейфуллин көшесінің қиылысынан басталып, С. Сейфуллин көшесі бойынша шығысқа қарай Республика даңғылына дейін; Республика даңғылы бойынша оңтүстікке қарай А. Бараев көшесіне дейін; А. Бараев көшесі бойынша оңтүстік-батысқа қарай Есіл өзеніне дейін; Есіл өзені бойынша солтүстік-батысқа қарай Кенесары көшесіне дейін; Кенесары көшесі бойынша шығысқа қарай Сарыарқа даңғылына дейін; Сарыарқа даңғылы бойынша солтүстікке қарай С. Сейфуллин көшесі қиылысына дейін
	2-2.	Аймақтың солтүстік шекарасы Тұран даңғылы мен Сығанақ көшесінің қиылысынан басталады; Сығанақ, Ш. Қалдаяқов көшелері бойынша шығысқа қарай Тәуелсіздік даңғылына дейін; Тәуелсіздік даңғылы бойынша оңтүстікке қарай Есіл өзеніне дейін; Есіл өзені бойынша батысқа қарай жобаланып отырған көшеге дейін; жобаланып отырған көшеден оңтүстікке қарай Керей, Жәнібек хандар көшесіне дейін; Керей, Жәнібек хандар көшесі бойынша батысқа қарай Тұран даңғылына дейін; Тұран даңғылы бойынша солтүстікке қарай Сығанақ көшесіне дейін
	2-3.	Аймақтың солтүстік шекарасы Тұран даңғылы мен Есіл өзенінің қиылысынан басталады; Есіл өзені бойынша оңтүстікке қарай Қабанбай батыр даңғылымен қиылысқа дейін; Қабанбай батыр даңғылы бойынша солтүстік-шығыс бағытына қарай Ж. Тәшенов көшесіне дейін; Ж. Тәшенов көшесі бойынша солтүстік-шығыс бағытына қарай Тәуелсіздік даңғылына дейін; Тәуелсіздік даңғылы бойынша оңтүстікке қарай Майқайын көшесіне дейін; Майқайын көшесі бойынша батысқа қарай Дауылпаз көшесіне дейін; Дауылпаз көшесі бойынша оңтүстікке қарай Ақыртас көшесіне дейін; Ақыртас көшесі бойынша шығысқа қарай Тәуелсіздік даңғылына дейін; Тәуелсіздік даңғылы бойынша оңтүстікке қарай Р. Қошқарбаев даңғылына дейін; Р. Қошқарбаев даңғылы, Сарайшық көшесі бойынша батысқа қарай; одан әрі Сарайшық көшесі бойынша Қ. Мұхамедханов көшесіне өтумен солтүстік-батыс бағытта Е246 (жобалық атауы) көшесі бойынша Есіл өзеніне дейін; Есіл өзені бойынша шығысқа қарай Тұран даңғылына дейін
		Аймақтың солтүстік шекарасы Қабанбай батыр даңғылы мен Керей, Жәнібек хандар көшесінің қиылысынан басталады, Керей, Жәнібек хандар көшесі бойынша шығысқа

3.	3-1.	қарай Еңбекшілер көшесіне дейін; Еңбекшілер көшесі бойынша оңтүстікке қарай Т. Рысқұлов көшесіне дейін; Т. Рысқұлов көшесі бойынша батысқа қарай Қабанбай батыр даңғылына дейін; Қабанбай батыр даңғылы бойынша солтүстікке қарай Керей, Жәнібек хандар көшесіне дейін
	4-1.	Аймақтың солтүстік шекарасы Есіл өзені мен Ш. Айтматов көшесінен басталады; Есіл өзені бойынша шығысқа қарай Қазақ Гуманитарлық заң университеті оқу корпусы бойымен Е246 (жобалық атауы) көшеге дейін; Е246 (жобалық атауы) көше бойынша оңтүстік-шығыс бағытына қарай Қ. Мұхамедханов көшесіне дейін; Қ. Мұхамедханов көшесі бойынша батыс бағытына қарай Ш. Айтматов көшесіне дейін; одан әрі солтүстікке қарай Ш. Айтматов көшесі бойынша Есіл өзеніне дейін
4.	4-2.	Аймақтың солтүстік шекарасы Бекетай көшесі мен Бөгенбай батыр даңғылының қиылысынан басталады; Бөгенбай батыр даңғылы бойынша шығысқа қарай Ш. Уәлиханов көшесіне дейін; Ш. Уәлиханов көшесі бойынша оңтүстікке қарай С. Сейфуллин көшесіне дейін; С. Сейфуллин көшесі бойынша шығысқа қарай Тараз көшесіне дейін; Тараз көшесі бойынша оңтүстікке қарай Абай даңғылына дейін; Абай даңғылы бойынша батысқа қарай Ш. Уәлиханов көшесіне дейін; Ш. Уәлиханов көшесі бойынша оңтүстікке қарай А. Кравцов көшесіне дейін; А. Кравцов көшесі бойынша шығысқа қарай Ж. Тәшенов көшесіне дейін; Ж. Тәшенов көшесі бойынша батысқа қарай Республика даңғылына дейін, Республика даңғылы бойынша солтүстікке қарай С. Сейфуллин көшесіне дейін; С. Сейфуллин көшесі бойынша батысқа қарай Сарыарқа даңғылына дейін, Сарыарқа даңғылы бойынша оңтүстікке қарай Кенесары көшесіне дейін, Кенесары көшесі бойынша батысқа қарай К. Күмісбеков көшесіне дейін, К. Күмісбеков көшесі бойынша солтүстікке қарай Бөгенбай батыр даңғылына дейін
	4-3.	Аймақтың солтүстік шекарасы Керей, Жәнібек хандар мен Еңбекшілер көшелерінің қиылысынан басталады, Керей, Жәнібек хандар көшесі бойынша оңтүстік-шығыс бағытына қарай Тәуелсіздік даңғылына дейін; одан әрі солтүстік-шығысқа қарай Есіл өзеніне дейін, Есіл өзені бойынша оңтүстік-шығыс бағытына қарай Нұра-Есіл арнасымен қиылысқа дейін; Нұра-Есіл арнасы бойынша оңтүстік-батысқа қарай № 29 (жобалық атауы) көшесіне дейін; одан әрі № 29 (жобалық атауы) көше бойынша Еңбекшілер көшесіне дейін; Еңбекшілер көшесі бойынша солтүстікке қарай Керей, Жәнібек хандар көшесіне дейін
	5-1.	Аймақтың солтүстік шекарасы № 23-13 (жобалық атауы) мен А. Байтұрсынұлы көшелерінің қиылысынан басталады; А. Байтұрсынұлы көшесі бойынша шығысқа қарай А62 (жобалық атауы) көшеге дейін; А62 (жобалық атауы) көше бойынша оңтүстікке қарай Ш. Қалдаяқов көшесіне дейін; Ш. Қалдаяқов көшесі бойынша батысқа қарай А52 (жобалық атауы) көшесіне дейін; оңтүстікке қарай А42 (жобалық атауы) көшеге дейін; одан әрі А42 көшесі бойынша А30 (жобалық атауы) көшесіне дейін; А42 және А30 (жобалық атаулары) көшелерінің қиылысынан оңтүстікке қарай Есіл өзеніне дейін; Есіл өзені бойынша оңтүстік бағытқа қарай Тәуелсіздік даңғылына дейін, Тәуелсіздік даңғылы бойынша солтүстікке қарай Ш. Қалдаяқов көшесіне дейін; Ш. Қалдаяқов көшесі бойынша шығысқа қарай № 23-13 (жобалық атауы) көшесіне дейін және солтүстікке А. Байтұрсынұлы көшесіне дейін
5.	5-2.	Аймақтың солтүстік шекарасы Е10 және Е51 (жобалық атаулары) көшелерінің қиылысынан басталады; Е10 (жобалық атауы) көшесі бойынша шығысқа қарай Тұран даңғылына дейін; Тұран даңғылы бойынша оңтүстікке қарай Керей, Жәнібек хандар көшесіне дейін; Керей, Жәнібек хандар көшесі бойынша шығысқа қарай Қабанбай батыр даңғылына дейін; Қабанбай батыр даңғылы оңтүстікке қарай Т. Рысқұлов көшесіне дейін, Т. Рысқұлов көшесі бойынша шығысқа қарай Еңбекшілер көшесіне дейін, Еңбекшілер көшесі бойынша солтүстікке қарай № 29 (жобалық атауы) көшесіне дейін, № 29 (жобалық атауы) көшесі бойынша шығысқа қарай Нұра-Есіл арнасына дейін; Нұра-Есіл арнасы бойынша оңтүстікке қарай Қабанбай батыр даңғылына дейін; Қабанбай батыр даңғылы бойынша солтүстік бағытына қарай Тұран даңғылына дейін; Тұран даңғылы бойынша солтүстікке бағытына қарай № 31 (жобалық атауы) көшесіне дейін; № 31 (жобалық атауы)

		көшесі бойынша батысқа қарай Е51 (жобалық атауы) көшесіне дейін; одан әрі Е51(жобалық атауы) көшесі бойынша солтүстікке қарай Е10 (жобалық атауы) көшесіне дейін
6.	6-1.	Аймақтың солтүстік шекарасы Қарталы көшесі мен темір жолдың қиылысынан басталады ; одан әрі темір жол бойынша оңтүстік-шығысқа қарай Сарыөзек көшесіне дейін; Сарыөзек көшесі бойынша оңтүстікке қарай Республика даңғылына дейін; Республика даңғылы бойынша оңтүстікке қарай Ы. Дүкенұлы көшесіне дейін; Ы. Дүкенұлы көшесі бойынша шығысқа қарай Ш. Уәлиханов көшесіне дейін, Ш. Уәлиханов көшесі бойынша оңтүстікке қарай Бөгенбай батыр даңғылына дейін; Бөгенбай батыр даңғылы бойынша батысқа қарай Бекетай көшесіне дейін; одан әрі К. Күмісбеков көшесі бойынша оңтүстікке қарай Кенесары көшесі бойынша; Кенесары көшесі бойынша батысқа қарай Есіл өзеніне дейін; Есіл өзені бойынша батысқа қарай Ш. Айтматов көшесіне дейін; Ш. Айтматов көшесі бойынша "Достық" гараж кооперативі бойымен солтүстікке қарай Н. Тілендиев даңғылына дейін; Н. Тілендиев даңғылы бойынша шығысқа қарай Сарыбұлақ бұлағына дейін; одан әрі Сарыбұлақ бұлағы бойынша Конституция көшесіне дейін, Конституция көшесі бойынша батысқа қарай Ш. Бөкеев көшесіне дейін; Ш. Бөкеев көшесі бойынша солтүстікке қарай Р. Дүйсенбаев көшесіне дейін; Р. Дүйсенбаев көшесі бойынша шығысқа қарай Қарталы көшесіне дейін; Қарталы көшесі бойынша солтүстікке қарай темір жолмен қиылысқа дейін
	6-2.	Аймақтың солтүстік шекарасы Ш. Айтматов және Қ. Мұхамедханов көшелерінің қиылысынан басталады, Қ. Мұхамедханов көшесі бойынша шығысқа қарай Е306 (жобалық атауы) көшесіне дейін, одан әрі Е306 (жобалық атауы) көшесі бойынша оңтүстікке қарай Е10 (жобалық атауы) көшесіне дейін; Е10 (жобалық атауы) көшесі бойынша шығысқа қарай Ш. Айтматов көшесіне дейін, Ш. Айтматов көшесі бойынша солтүстікке қарай Қ. Мұхамедханов көшесіне дейін
7.	7-1.	Аймақтың солтүстік шекарасы Ш. Құдайбердіұлы даңғылы мен Ақбұлақ өзенінің қиылысынан басталады; одан әрі оңтүстік-шығысқа қарай Ш. Құдайбердіұлы даңғылы бойынша Ғ. Мұстафин көшесіне дейін; Ғ. Мұстафин көшесі бойынша оңтүстік-батысқа қарай Б. Момышұлы даңғылына дейін; Б. Момышұлы даңғылы бойынша батысқа қарай Қордай көшесіне дейін, Қордай көшесі бойынша оңтүстікке қарай Сұлутөбе көшесіне дейін; Сұлутөбе көшесі бойынша батысқа қарай М. Жұмабаев даңғылына дейін, М. Жұмабаев даңғылы бойынша оңтүстікке қарай Қосалқа орамына дейін, Қосалқа орамы бойынша батысқа қарай Қ. Сәтбаев көшесіне дейін, Қ. Сәтбаев көшесі бойынша оңтүстікке қарай Қарқабат көшесіне дейін, Қарқабат көшесі бойынша оңтүстік-батысқа қарай Балқантау көшесіне дейін, Балқантау көшесі бойынша солтүстікке қарай Жайдарман орамына дейін, Жайдарман орамы бойынша оңтүстік-батыс бағытына қарай Балбырауын көшесіне дейін, Балбырауын көшесі бойынша солтүстікке қарай Б. Момышұлы даңғылына дейін, Б. Момышұлы даңғылы бойынша батысқа қарай Тәуелсіздік даңғылына дейін, Тәуелсіздік даңғылы бойынша солтүстік-батысқа қарай Ақбұлақ өзеніне дейін; Ақбұлақ өзенінің жағасы бойымен солтүстік-шығысқа қарай Ш. Құдайбердіұлы даңғылымен қиылысқа дейін
8.	8-1.	Аймақтың солтүстік шекарасы Ақбұлақ өзені мен темір жолдың қиылысынан басталады; темір жол бойынша оңтүстік-шығысқа қарай Ғ. Мұстафин көшесіне дейін; Ғ. Мұстафин көшесі бойынша оңтүстік-батысқа қарай Ш. Құдайбердіұлы даңғылына дейін; Ш. Құдайбердіұлы даңғылы бойынша солтүстік-батысқа қарай Ақбұлақ өзеніне дейін; Ақбұлақ өзені бойымен солтүстік-шығысқа қарай темір жолмен қиылысқа дейін
		Аймақтың солтүстік шекарасы Алаш тас жолы мен Ш. Жиенқұлова көшесінің қиылысынан басталады; Ш. Жиенқұлова көшесі бойынша оңтүстік-шығысқа қарай Л. Толстой қысқа көшесіне дейін; Л. Толстой қысқа көшесі бойынша оңтүстікке қарай Л. Толстой көшесіне дейін; Л. Толстой көшесі бойынша шығысқа қарай Ә. Сембинов көшесіне дейін; Ә. Сембинов көшесі бойынша оңтүстікке қарай С.Сейфуллин көшесіне дейін; С. Сейфуллин көшесі бойынша шығысқа қарай Б. Бейсекбаев көшесіне дейін; Б. Бейсекбаев көшесі бойынша оңтүстікке қарай Абай даңғылына дейін; одан әрі Абай даңғылы бойынша шығысқа қарай Е. Брусиловский көшесіне дейін; Е. Брусиловский

8-2.	көшесі бойынша солтүстікке С. Сейфуллин көшесіне дейін, С. Сейфуллин көшесі бойынша шығысқа қарай А. Жұбанов көшесіне дейін; А. Жұбанов көшесі бойынша оңтүстікке қарай Абай даңғылына дейін; Абай даңғылы бойынша шығысқа қарай Ақбұлақ өзеніне дейін; одан әрі Ақбұлақ өзені бойынша оңтүстік-батысқа қарай Тәуелсіздік даңғылына дейін; Тәуелсіздік даңғылы бойынша солтүстікке қарай Ж. Тәшенов көшесіне дейін, А. Кравцов көшесі бойынша батысқа қарай Ш. Уәлиханов көшесіне дейін; Ш. Уәлиханов көшесі бойынша солтүстікке қарай Абай даңғылына дейін; Абай даңғылы бойынша шығысқа қарай Тараз көшесіне дейін; Тараз көшесі бойынша солтүстікке қарай С. Сейфуллин көшесіне дейін; С. Сейфуллин көшесі бойынша батысқа қарай Ш. Уәлиханов көшесіне дейін; Ш. Уәлиханов көшесі бойынша солтүстікке қарай Бөгенбай батыр даңғылына дейін; Бөгенбай батыр даңғылы бойынша шығысқа қарай Алаш тас жолына дейін; Алаш тас жолы бойынша солтүстік-шығысқа қарай Ш. Жиенқұлова көшесіне дейін
8-3.	Аймақтың солтүстік шекарасы Айнакөл және Қордай көшелерінің қиылысынан басталады ; Қордай көшесі бойынша оңтүстікке қарай А75 (жобалық атауы) көшесіне дейін; А75 (жобалық атауы) көшесі бойынша оңтүстікке қарай А. Байтұрсынұлы көшесіне дейін; А. Байтұрсынұлы көшесі бойынша батысқа қарай № 23-53 (жобалық атауы) көшесіне дейін; № 23-53 (жобалық атауы) көшесі бойынша солтүстікке қарай Р. Қошқарбаев даңғылына дейін; Р. Қошқарбаев даңғылы бойынша батысқа қарай № 23-13 (жобалық атауы) көшеге дейін, одан әрі № 23-13 (жобалық атауы) көше бойынша солтүстікке қарай Қарасаз көшесіне дейін; Қарасаз көшесі бойынша шығысқа қарай Марқакөл көшесіне дейін; Марқакөл көшесі бойынша солтүстікке қарай Кенгір көшесіне дейін; Кенгір көшесі бойынша шығысқа қарай Айнакөл көшесіне дейін; одан әрі Айнакөл көшесі бойынша солтүстікке қарай Қордай көшесімен қиылысқа дейін
9-1.	Аймақтың шығыс және оңтүстік шекарасы Есіл өзені бойынша өтеді; солтүстік-батыс шекарасы № 22-4 (жобалық атауы) көше бойынша Есіл өзеніне дейін (газ жабдығы зауыты ауданы) өтеді
9. 9-2.	Аймақтың солтүстік шекарасы жобаланып отырған және Ш. Айтматов көшелерінің қиылысынан басталады; Ш. Айтматов көшесі бойынша оңтүстікке қарай Е10 (жобалық атауы) көшесіне дейін; Е10 (жобалық атауы) көше бойынша шығысқа қарай Е51 (жобалық атауы) көшеге дейін; Е51 (жобалық атауы) көше бойынша оңтүстікке қарай Е68 (жобалық атауы) көшеге дейін; Е68 (жобалық атауы) көше бойынша Е15 (жобалық атауы) көшеге көшу арқылы батысқа қарай Е25 (жобалық атауы) көшесіне дейін; Е25 (жобалық атауы) көше бойынша және одан әрі жобаланып отырған көше бойынша солтүстікке қарай жобаланып отырған көшеге дейін; жобаланып отырған көше бойынша шығысқа қарай Ш. Айтматов көшесімен қиылысқа дейін
10 10-1.	Аймақтың солтүстік шекарасы А. Пушкин көшесі және темір жолдың қиылысынан басталады; одан әрі оңтүстік-шығысқа қарай темір жол бойымен солтүстік-батысқа қарай темір жол бойынша А. Пушкин көшесіне дейін, А. Пушкин көшесі бойынша солтүстік-шығысқа қарай темір жолмен қиылысқа дейін (№ 1 Индустриалдық парк ауданы)
10-2.	Аймақтың солтүстік шекарасы Нұра-Есіл арнасы мен № 38 (жобалық атауы) көшенің қиылысынан басталады; № 38 (жобалық атауы) көше бойынша оңтүстікке қарай Қабанбай батыр даңғылына дейін, Қабанбай батыр даңғылы бойынша солтүстік-батысқа қарай Нұра-Есіл арнасына дейін; Нұра-Есіл арнасы бойынша солтүстікке қарай № 38 (жобалық атауы) көшесімен қиылысқа дейін
	Аймақтың солтүстік шекарасы Ғ. Мұстафин көшесі мен темір жолдың қиылысынан басталады; темір жол бойынша оңтүстік-шығысқа қарай Р. Қошқарбаев даңғылымен қиылысқа дейін; Р. Қошқарбаев даңғылы бойынша оңтүстікке қарай Майдақоңыр көшесіне дейін; Майдақоңыр көшесі бойынша шығысқа қарай және одан әрі оңтүстікке қарай М. Төлебаев көшесіне дейін; М. Төлебаев көшесі бойынша шығысқа қарай Шарбақты көшесіне дейін; Шарбақты көшесі бойынша оңтүстікке қарай А81 (жобалық

11	11-1.	<p>атауы) көшесіне өтумен А. Байтұрсынұлы көшесіне дейін; А. Байтұрсынұлы көшесі бойынша батысқа қарай А75 (жобалық атауы) көшеге дейін; А75 (жобалық атауы) көше бойынша солтүстікке қарай Қордай көшесіне дейін; Қордай көшесі бойынша солтүстік-батысқа бағытына қарай Айнакөл көшесіне дейін; Айнакөл көшесі бойынша батысқа қарай Кеңгір көшесіне дейін; Кеңгір көшесі бойынша батысқа қарай Марқакөл көшесіне дейін; Марқакөл көшесі бойынша оңтүстікке қарай Қарасаз көшесіне дейін; Қарасаз көшесі бойынша № 23-13 (жобалық атауы) көшесіне дейін, № 23-13 (жобалық атауы) көшесі бойынша оңтүстікке қарай Р. Қошқарбаев даңғылына дейін; Р. Қошқарбаев даңғылы бойынша батысқа қарай Тәуелсіздік даңғылына дейін; Тәуелсіздік даңғылы бойынша солтүстікке қарай Ақыртас көшесіне дейін; Ақыртас көшесі бойынша батысқа қарай Дауылпаз көшесіне дейін; Дауылпаз көшесі бойынша солтүстікке Майқайын көшесіне дейін; Майқайын көшесінен шығысқа қарай Тәуелсіздік даңғылына дейін; Тәуелсіздік даңғылынан солтүстікке қарай Б. Момышұлы даңғылына дейін; Б. Момышұлы даңғылы бойынша шығысқа бағытына қарай Балбырауын көшесіне дейін; Балбырауын көшесі бойынша оңтүстікке қарай Жайдарман көшесіне дейін; Жайдарман көшесі бойынша шығысқа қарай Балқантау көшесіне дейін; Балқантау көшесі бойынша оңтүстікке қарай Қарқабат көшесіне дейін; Қарқабат көшесі бойынша шығысқа қарай Қ. Сәтбаев көшесіне дейін; Қ. Сәтбаев көшесінен солтүстік-батыс бағытына қарай Қосалқа көшесіне дейін; одан әрі солтүстік-шығысқа қарай М. Жұмабаев даңғылына дейін; М. Жұмабаев даңғылы бойынша солтүстікке қарай Сұлутөбе көшесіне дейін; Сұлутөбе көшесі бойынша шығысқа қарай Қордай көшесіне дейін; Қордай көшесінен солтүстікке қарай Б. Момышұлы даңғылына дейін; одан әрі Б. Момышұлы даңғылы бойынша солтүстік-шығысқа бағытына қарай Ғ. Мұстафин көшесіне өтумен темір жол қиылысына дейін</p>
12	12-1.	<p>Аймақтың солтүстік шекарасы С349 (жобалық атауы) көше мен темір жолдың қиылысынан басталады; темір жол бойынша шығысқа қарай Қарталы көшесімен қиылысқа дейін; Қарталы көшесі бойынша оңтүстікке қарай Конституция көшесіне дейін; Конституция көшесі бойынша шығысқа қарай Сарыбұлақ бұлағына дейін; Сарыбұлақ бұлағы бойынша оңтүстікке қарай Н. Тілендиев даңғылына дейін; Н. Тілендиев даңғылы бойынша батысқа қарай Көктал көшесіне дейін, Көктал көшесі бойынша солтүстікке қарай С349 (жобалық атауы) көшесіне көшу арқылы темір жолға дейін</p>
12	12-2.	<p>Аймақтың солтүстік шекарасы Сарыөзек көшесі мен темір жол қиылысынан басталады; темір жол бойынша оңтүстік-шығысқа қарай Ақбұлақ өзеніне дейін; Ақбұлақ өзені бойынша оңтүстікке қарай Абай даңғылына дейін; Абай даңғылы бойынша батысқа қарай А. Жұбанов көшесіне дейін; А. Жұбанов көшесі бойынша солтүстікке қарай С. Сейфуллин көшесіне дейін; С.Сейфуллин көшесі бойынша батысқа қарай Е. Брусиловский көшесіне дейін; Е. Брусиловский көшесі бойынша оңтүстікке қарай Абай даңғылына дейін; Абай даңғылы бойынша батысқа қарай Б. Бейсекбаев көшесіне дейін; Б. Бейсекбаев көшесі бойынша солтүстікке қарай С. Сейфуллин көшесіне дейін; С. Сейфуллин көшесі бойынша батысқа қарай Ә. Сембинов көшесіне дейін; Ә. Сембинов көшесі бойынша солтүстікке қарай Л. Толстой көшесіне дейін; Л. Толстой көшесі бойынша батысқа қарай Л. Толстой орамына дейін; Л. Толстой орамы бойынша Ш. Жиенқұлова көшесіне дейін; Ш. Жиенқұлова көшесі бойынша батысқа қарай Алаш тас жолына дейін; одан әрі С. Жүнісов көшесі бойынша Бөгенбай батыр даңғылына өтеді; Бөгенбай батыр даңғылы бойынша батысқа қарай Ш. Уәлиханов көшесіне дейін; Ш. Уәлиханов көшесі бойынша солтүстікке қарай Ы. Дүкенұлы көшесіне дейін; Ы. Дүкенұлы көшесі бойынша батысқа қарай Республика даңғылына дейін; Республика даңғылы бойынша солтүстікке қарай Сарыөзек көшесіне дейін; Сарыөзек көшесі бойынша солтүстік-шығысқа қарай темір жолмен қиылысқа дейін</p>
12-3.		<p>Аймақтың солтүстік шекарасы А52 (жобалық атауы) және Ш. Қалдаяқов көшелерінің қиылысынан басталады; Ш. Қалдаяқов көшесі бойынша шығысқа қарай А62 (жобалық атауы) көшеге дейін; жобаланып отырған көше бойынша оңтүстікке қарай Есіл өзеніне дейін; Есіл өзенінің жағасы бойымен батысқа қарай жобаланып отырған көшеге дейін;</p>

		одан әрі солтүстікке жобаланып отырған көше бойынша А42 (жобалық атауы) көшесіне дейін; А42 (жобалық атауы) көше бойынша солтүстікке қарай Ш. Қалдаяқов көшесіне дейін
13	13-1.	Аймақтың солтүстік шекарасы Баршын және № 20-40 (жобалық атауы) көшелерінің қиылысынан басталады; № 20-40 (жобалық атауы) көшесі бойынша шығысқа қарай Көктал көшесіне дейін; Көктал көшесі бойынша оңтүстікке қарай Н. Тілендиев даңғылына дейін; Н. Тілендиев даңғылы бойынша шығысқа қарай Ш. Бейсекова көшесіне дейін; Ш. Бейсекова көшесі бойынша оңтүстікке қарай Есіл өзеніне дейін; Есіл өзені бойынша оңтүстік-батысқа қарай жобаланып отырған көшеге дейін; жобаланып отырған көше бойынша солтүстікке қарай № 12-1 (жобалық атауы) көшеге дейін; № 12-1 (жобалық атауы) көше бойынша батысқа қарай Е169 (жобалық атауы) көшеге дейін; Е169 (жобалық атауы) көше бойынша солтүстік-шығысқа Н. Тілендиев даңғылына дейін; Н. Тілендиев даңғылы бойынша оңтүстік-шығысқа қарай Баршын көшесіне дейін; Баршын көшесі бойынша солтүстікке қарай № 20-40 (жобалық атауы) көшемен қиылысқа дейін
	13-2.	Аймақтың солтүстік шекарасы Ш. Айтматов және Е15 (жобалық атауы) көшелерінің қиылысынан басталады; Е15 (жобалық атауы) көшесі бойынша шығысқа қарай Е51 (жобалық атауы) көшесіне дейін; Е51 (жобалық атауы) көшесі бойынша оңтүстікке қарай № 31 (жобалық атауы) көшеге дейін; № 31 (жобалық атауы) көше бойынша шығысқа қарай Тұран даңғылына дейін; Тұран даңғылы бойынша оңтүстікке қарай және бұдан әрі оңтүстік-шығысқа Қабанбай батыр даңғылына өтумен Нұра-Есіл арнасына дейін; Нұра-Есіл арнасы бойынша оңтүстік-батысқа қарай жобаланып отырған көшеге дейін; жобаланып отырған көше бойынша оңтүстік-батысқа қарай Қарқаралы тас жолымен қиылысқа дейін; бұдан әрі жобаланып отырған көше бойынша оңтүстік-батысқа қарай Е102 (жобалық атауы) көшеге дейін; Е102 (жобалық атауы) көшесі бойынша солтүстікке қарай Е56 (жобалық атауы) көшесіне дейін; Е56 (жобалық атауы) көше бойынша батысқа қарай №31 (жобалық атауы) көшесіне дейін; № 31 (жобалық атауы) көше бойынша батысқа қарай Ш. Айтматов көшесіне дейін; Ш. Айтматов көшесі бойынша солтүстікке қарай Е15 (жобалық атауы) көшесімен қиылысқа дейін
14	14-1.	Аймақтың солтүстік шекарасы Р. Қошқарбаев даңғылы мен темір жолдың қиылысынан басталады; темір жол бойынша оңтүстік-батысқа қарай жобаланып отырған көшемен қиылысқа дейін, (жобалық атауы) көше бойынша Х. Болғанбаев көшесіне өтумен оңтүстікке қарай А123 (жобалық атауы) көшесімен қиылысқа дейін; жобаланып отырған көше бойынша солтүстік-шығысқа қарай № 135 (жобалық атауы) көшеге дейін; № 135 (жобалық атауы) көше бойынша Есіл өзенімен қиылысқа дейін; Есіл өзені бойынша оңтүстікке қарай А123 (жобалық атауы) көшеге дейін; А123 (жобалық атауы) көше бойынша шығысқа қарай айналма жолға дейін; айналма жол бойынша оңтүстік-батысқа қарай Есіл өзеніне дейін; Есіл өзені бойынша батысқа жобаланып отырған көшеге дейін; жобаланып отырған көше бойынша А62 (жобалық атауы) көшеге өтумен солтүстікке қарай А. Байтұрсынұлы көшесіне дейін; А. Байтұрсынұлы көшесі бойынша батысқа қарай А81 (жобалық атауы) көшемен қиылысқа дейін; А 81 (жобалық атауы) жобаланып отырған көшелер бойынша Шарбақты көшесіне өтумен солтүстікке қарай М. Төлебаев көшесіне дейін; М. Төлебаев көшесі бойынша батысқа Қобыз көшесіне дейін; Қобыз көшесі бойынша солтүстік-шығысқа қарай одан әрі солтүстік-батысқа қарай Р. Қошқарбаев даңғылына дейін; Р. Қошқарбаев даңғылы бойынша солтүстікке қарай темір жолмен қиылысына дейін
15	15-1.	Аймақтың солтүстік шекарасы Нұра-Есіл арнасы мен Есіл өзенінен басталады; бұдан әрі Есіл өзені бойынша Тельман тұрғын алабы ауданында солтүстік-шығысқа қарай; аймақтың солтүстік және оңтүстік шекаралары №24 аймақтың сыртқы шекарасы бойынша Нұра-Есіл арнасына дейін; одан әрі Нұра-Есіл арнасы бойынша солтүстік-шығысқа қарай Есіл өзеніне дейін
		Аймақтың солтүстік шекарасы темір жол мен С349 (жобалық атауы) көшенің қиылысынан басталады; С349 (жобалық атауы) көше бойынша шығысқа бағытына қарай № 69 (жобалық атауы) көшеге дейін; оңтүстік-шығысқа қарай жобаланып отырған көшелер

16	16-1.	бойынша Железнодорожный тұрғын алабы аумағын қамти отырып, темір жолға дейін; темір жол бойынша батысқа қарай № 1 Индустриалдық парктің аумағына дейін; бұдан әрі темір жол бойымен солтүстікке қарай № 1 Индустриалдық парк аумағын айналып өтіп А. Пушкин көшесіне дейін; А. Пушкин көшесі бойынша оңтүстікке қарай темір жолға дейін; темір жол бойынша батысқа қарай С349 (жобалық атауы) көшемен қиылысқа дейін
	17-1.	Ильинка тұрғын алабының, Үркер шағын ауданының аумағын, сондай-ақ № 4 аймақтың сыртқы шекарасынан бастап Үркер шағын ауданы және Ильинка тұрғын алабының бойымен Қорғалжын тас жолы дәлізін (ені тас жолы өсінен 200 метр) қамтиды
17	17-2.	Аймақтың солтүстік шекарасы Нұра-Есіл арнасы мен Қабанбай батыр даңғылы қиылысынан басталады, Қабанбай батыр даңғылы бойынша оңтүстік-шығысқа қарай № 38 (жобалық атауы) көшесіне дейін; № 38 (жобалық атауы) көшесі бойынша солтүстікке қарай санитарлық-қорғау жасыл аймағына дейін; санитарлық-қорғау жасыл аймағының шекарасы бойынша оңтүстік-шығысқа қарай № 229 (жобалық атауы) көшесіне дейін; № 229 (жобалық атауы) көшесі бойынша Е138 (жобалық атауы) көшесіне өтуімен оңтүстік-батысқа қарай жобаланып отырған көшеге дейін; жобаланып отырған көше бойынша батысқа қарай Пригородный тұрғын алабын қамтып, Нұра-Есіл арнасына дейін; Нұра-Есіл арнасы бойынша солтүстікке қарай Қабанбай батыр даңғылына дейін
	17-3.	Қарқаралы тас жолы ауданында "Green Village" тұрғын алабының аумағын қамтиды
18	18-1.	Нұрсұлтан Назарбаев Халықаралық әуежайы аумағы
	18-2.	Аймақтың аумағы Тельман тұрғын алабынан оңтүстік-шығысқа қарай, Е111 және Е120 (жобалық атаулары) көшелерінің шекарасында орналасқан
19	19-1.	Аймақтың солтүстік шекарасы айналма және темір жолдары қиылысынан басталады, темір жол бойынша оңтүстік-шығысқа қарай С349 (жобалық атауы) көшесіне дейін; С349 (жобалық атауы) көшесі бойынша Көктал көшесіне көшуімен оңтүстікке қарай № 20-40 (жобалық атауы) көшесіне дейін, № 20-40 (жобалық атауы) көшесі бойынша батысқа қарай Баршын көшесіне дейін; Баршын көшесі бойынша оңтүстікке қарай Н. Тілендиев даңғылына дейін; Н. Тілендиев даңғылы бойынша батысқа қарай айналма жолға дейін; бұдан әрі айналма жол бойынша солтүстікке қарай темір жолға дейін
	19-2.	"Юбилейный", "Березка", "Рябинушка", "СМП-49", "ПМК" "Союзцелингаз", "Каздорпроект", "Исследователь", "Рыбка", "Труд-59", "Автомобилист-1" бағбандық қоғамдардың аумақтарын қамтиды. "Маяк", "КДСМК", "СУ-203", "Целинтрансстрой", "Газаппаратура", "Строитель" бағбандық қоғамда аумақтарының бір бөліктерін қамтиды
20	20-1.	Аймақтың солтүстік шекарасы жобаланып отырған көше мен темір жолдың қиылысынан басталады, темір жол бойынша шығысқа қарай жобаланып отырған көшеге дейін; жобаланып отырған көше бойынша оңтүстікке қарай Қарағанды-Астана тас жолына дейін, Қарағанды-Астана тас жолы бойынша шығысқа жобаланып отырған көшеге дейін; жобаланып отырған көше бойынша оңтүстікке қарай Есіл өзеніне дейін; Есіл өзені бойынша батысқа қарай № 229 (жобалық атауы) көшеге дейін, № 229 (жобалық атауы) көшесі бойынша батысқа қарай Есіл өзеніне дейін; Есіл өзені бойынша солтүстікке және батыс бағытына қарай № 135 (жобалық атауы) көшеге қарай; № 135 (жобалық атауы) көше бойынша оңтүстікке қарай жобаланып отырған көшеге дейін, жобаланып отырған көше бойынша батысқа қарай Х. Болғанбаев көшесіне дейін, Х. Болғанбаев көшесі бойынша солтүстікке қарай жобаланып отырған көшеге дейін, жобаланып отырған көше бойынша солтүстікке қарай темір жолмен қиылысқа дейін
21	21-1.	Күйгенжар тұрғын алабы аумағын қамтиды
22	22-1.	Аймақтың солтүстік және шығыс шекаралары Есіл өзені бойынша өтеді және Е167 (жобалық атауы) көше мен Есіл өзені қиылысынан басталады; оңтүстік және батыс шекаралары жобаланып отырған көшелер бойынша өтеді

23	23-1.	Аймақтың солтүстік-батыс шекарасы жобаланып отырған көшелер бойынша өтеді; шығыс шекарасы Ш. Айтматов көшесі бойынша; оңтүстік шекарасы Қорғалжын тас жолы дәлізінің сыртқы шекарасы бойынша өтеді
	23-2.	Солтүстік-батыс шекарасы Қорғалжын тас жолы дәлізінің сыртқы шекарасы бойынша Ш. Айтматов көшесіне дейін; одан әрі оңтүстікке қарай Ш. Айтматов көшесі бойынша Талдықөл жинағышы аумағын қамтиды
24	24-1.	Айналма жол мен аймақтардың сыртқы шекараларының бойымен Астана қаласының аумағы
25	25-1.	Айналма жол сыртындағы Астана қаласының аумағы
26	26-1.	Астана қаласының шекарасы сыртқы жолақтық учаскелер арқылы және оңтүстік-шығыс бөлігіндегі Нұрсұлтан Назарбаев Халықаралық әуежайы учаскесіне шектес аумақ

Астана қаласы мәслихатының
2009 жылғы 29 қаңтардағы
N 185/30-IV шешіміне
2–қосымша

Жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде, мемлекет немесе мемлекеттік жер пайдаланушылар жалға берген кезде жер учаскесінің төлемақысын базалық құнына қолданылатын түзету коэффициенттері

Аймақтың нөмірлері	Түзету коэффициенттері
1	2,0
2	1,95
3	1,9
4	1,85
5	1,8
6	1,75
7	1,7
8	1,65
9	1,6
10	1,55
11	1,5
12	1,45
13	1,4
14	1,35
15	1,3
16	1,25
17	1,2
18	1,15
19	1,10
20	1,05
21	1,0
22	0,9

23	0,8
24	0,7
25	0,6
26	0,5

Астана қаласы

мәслихатының хатшысы В. Редкокашин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК